

№7 ХАТТАМА

Өткізілген күні: «1» Сәуір 2024 жыл

Өткізілген орны: акт зал

Қатысқандар: мүшелері

КҮН ТӘРТІБІ:

● 9, 11 сынып оқушыларының болашақтарын анықтауына көмек көрсету Жасөспірімнің әлеуметтік өміріне байланысты туындаған мәселелерге жауапты мемлекеттік, қоғамдық мекемелермен байланысты дамыту және толық жетілдіру;

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектептің кәсіптік бағдар беруші маманы Бальдикова Ж.Б сөз сөйледі. Ол өз сөзінде 9, 11-сынып түлектерінің болашақ мамандықтарын таңдау деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген мониторинг нәтижелерін таныстырды. Бүгінгі таңда 9-сынып оқушыларының бір бөлігі колледждерге түсуді жоспарласа, 11-сынып оқушылары ҰБТ тапсыру арқылы жоғары оқу орындарына дайындалып жатқанын атап өтті.

Сонымен қатар, мектеп психологы Арингазина Д.Д. оқушылардың бейімділігі мен қызығушылықтарын анықтау мақсатында өткізілген психологиялық тестілеу қорытындысын баяндады. Әлі де мамандық таңдауда екіұдай күйде жүрген оқушылармен жеке кеңес беру жұмыстарын күшейту қажеттігін алға тартты. Оқушыларды өңірдегі сұранысқа ие мамандықтармен, мемлекеттік гранттармен және техникалық кәсіптік білім беру бағдарламаларымен таныстыру үшін ЖОО және колледж өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру ұсынылды. Әлеуметтік педагог Жумабаева А.А жасөспірімдердің әлеуметтік өмірінде (отбасылық қиындықтар, құқықтық қорғау, әлеуметтік көмек, девиантты мінез-құлықтың алдын алу) туындайтын мәселелерді тек мектеп ішінде шешу жеткіліксіз екенін атап өтті.

Осы бағытта мектептің сыртқы мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен (Қорғаншылық және қамқоршылық органы, Жасөспірімдер ісі жөніндегі инспекция (ЮПБ), Жұмыспен қамту орталығы, Жастар ресурстық орталықтары, Емхана және ҮЕҰ) байланысын жаңа деңгейге көтеру қажеттігі айтылды. Мемлекеттік органдармен дер кезінде ақпарат алмасу қиын жағдайға тап болған жасөспірімдерді әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан толықтай қорғауға мүмкіндік беретіні баса айтылды.

Шешімі:

Сыртқы ұйымдармен байланысты жетілдіру бойынша жасөспірімдердің әлеуметтік мәселелерін тиімді шешу үшін Жасөспірімдер ісі жөніндегі инспекция (ЮПБ), Жастар ресурстық орталығы және денсаулық сақтау ұйымдарымен бірлескен жылдық іс-шаралар жоспары толық жетілдіріліп, іске асырылсын.

Әлеуметтік педагог пен психологтар қиын өмірлік жағдайдағы немесе мінез-құлқында ауытқулары бар жасөспірімдерді анықтаған жағдайда, заң аясында құзырлы мемлекеттік органдарға (қорғаншылық, әлеуметтік қорғау бөлімдеріне) жедел түрде ақпарат жолдап, бірлескен көмек ұйымдастырсын. Қоғамдық ұйымдар мен еріктілерді (волонтерларды) тарта отырып, жасөспірімдерді пайдалы әлеуметтік жобалар мен үйірмелерге тарту жұмыстары жандандырылсын.

Хатшы:



Арингазина Д.Д